



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ата – ана, тәрбиеші, қоршаған орта екені даусыз.

Қазақстандық патриотизм – мемлекеттік патриотизм идеясы. Қазақстанда мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқы этностық патриотизм сатысынан өтті. Патриотизмді дамытудың басты шарты – Қазақстан халқының бір жұдырық болып жұмылып, бірлік пен татулықты сақтауы. Патриотизмді халықтың табиғатына жақын, өмір сүру салтымен ұштастырғанда ғана сіңімді әрі әсері мол болады. Елбасымыздың болашақты болжай алатын көреген саясаткер екендігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранына «Намысын бермеген қазағым мықты ғой» деп өзгеріс енгізгенін байқауға болады. Егер назар салсақ мемлекеттік Әнұранда тек қазақ ұлты туралы айтылып тұр. Себебі еліміздің кез – келген азаматын шет мемлекеттер қазақ деп таниды. Қазақ емес талай отандастарымыз шет елге барып, өздерінің қазақ азаматы екендігіне көздерін жеткізіп қайтып жатыр. Енді бұл процесті жеделдетудің төте жолы ұлттық патриотизмді дамыту. Егер ұлттық патриотизмді дамытатын болсақ, еліміздегі өзге этникалық топтарды отаншылдық рухта тәрбиелеуде жеделдетер едік.

Өз ойымды қорытындылайтын болсам, отансүйгіштік сезімі – туа бітті пайда болатын қасиет. Сәбидің бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады. Қай елде патриоттық тәрбие жоғары болса, сол елде саяси тұрақтылық пен экономикалық даму өрістейді. Жалпы, патриотизмді қалыптастыру – бұл мемлекеттік міндет, қоғамның әлеуметтік тапсырысы. Патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көздейді.

Қолданылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. http://akorda.kz/kz/page/page_215751_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy.
2. Ахметова Л. Патриотизм в ракурсе истории. - Алматы: 1996. - 224с.
3. Әбсаттарұлы Ф. Ұлттық патриотизм – Жалын.- 2011.
4. Әл – Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттары. Алматы: 1975.
5. Жұмахметұлы Б. Патриотизм және азаматтық ұстаным, Егемен Қазақстан – 2011.

УДК 008.00

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНІҢ САУЫҚТЫҚ, ӨНЕГЕЛІЛІК ЖӘНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ ЖАЙЫНДА

Хаирғалиева Құндыз Жасталаповна

kundyz_93_10@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰҰ-нің

5В020400 - «Мәдениеттану» мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – М.Ж. Кикимбаев

Мереке немесе мейрам кез келген мәдениеттің әмбебап және маңызды феномені, өйткені қазіргі кездегі ұлттық, мемлекеттік және кәсіби мерекелер қоғамның құндылықтар жүйесін біріктіреді, сонымен қатар мемлекеттің және оны мекендейтін халықтардың өркениеттер арасындағы орнын анықтайды.

Кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында қалыптасқан мерекелік практикаларды зерттеген Штефан Плаггенборг мейрамның ықшам және мазмұнды анықтамасын берген. Онын айтуынша, «праздники можно назвать высшей формой репрезентации, так как при их проведении соединяются в одно целое, в ансамбль разные уровни выражения: слово, изображение, движение, инсценировки» [1, 287 б.].

Мейрамның табиғаты мен мәнін анықтайтын мифологиялық немесе циклді (М. Элиаде,

А. Н. Афанасьев, А. А. Потебня және т.б.), еңбектік (В. И. Чичеров, В. Я. Пропп және т.б.), антропологиялық (Д. Фрезер және т.б.) және ойын (И. Хейзинга, М. Мосс және т.б.) концепциялары кеңінен таралған. Олар «мейрам», «мереке», «думан» феномендерінің пайда болуын әртүрлі түсіндіреді. Бірақ мейрамның атқаратын функцияларын анықтауда жоғарыдағы концепциялардың ойлары бір жерден шығады. Яғни, Штефан Плаггенборг ерекше атап кеткен репрезентативтілік мейрамның атқаратын міндеттері арқылы жүзеге асатынына келіседі.

Мейрамның негізгі *коммуникативті, идеологиялық* немесе *тәрбиелік, интегративті, регулятивті, компенсаторлық* және *эстетикалық* қызметтері бар.

Мейрамның *коммуникативті* қызметіне тоқталатын болсақ, оның ерекшелігі қоғамның жадында сақталып, үнемі әлеуметтік кеңістікке трансляцияланатын рәміз, рәсім және мәдениеттегі циклдік қайталануы арқылы көрініс табады (мысалы, Ораза айт, Құрбан айт, Наурыз мейрамдары сияқты). Мейрамның *идеологиялық (тәрбиелік)* қызметі арқылы ұрпақтың салт-дәстүрден алшақтамауы, ата-бабамыздың сенімі мен ой-идеяларын жоғалтпауы қамтамасыз етіледі. Негізінде идеологиялық сипат мейрам табиғатына тән нәрсе, сондықтан оны әрқашан үстем тап өкілдері қоғамдағы бірлікті, мемлекет ішіндегі ынтымақтастықты нығайтуға үнемі қолданып келгенін адамзат тарихынан байқаймыз. Қазақстандағы дәстүрлі ұлттық және діни мерекелермен қатар, жаңа мерекелер де идеологиялық, яғни тәрбиелік сипатқа ие болуда.

Интегративті қызметі арқылы мейрам қоғамды, соның ішінде (аймақтық, кәсіби, этникалық, діни және т.б.) топтарды біріктіреді. Мейрамның *регулятивті* қызметі де адам өмірінің негізгі кезеңдерін стандарттайды. Бұл қызмет түрі мейрамның көптеген түрлерінде кездеседі, соның ішінде – туған күнді рәсімдеу, адамның дүниеге келуін, өлім және оны жерлеу салттары, күнделікті қоғам өмірін қалпына келтіру, қандай тамақты пайдалану сияқты халық үшін маңызды қыметтерді атқарады.

Мейрамның *компенсаторлық* қызметі адам организмінің еңбектену және күнделікті күйбең тіршілік барысында сарқылған күш-қуатын толықтыру барысында көрініс табады. Күн сайынғы қайталанатын процесстерден ада болған адам, басқа бір әлемге енгендей күй кешіп, психологиялық және рухани компенсация алады.

Мейрамның *эстетикалық* қызметі тек мейрамдарға ғана тән емес, ол адам өміріндегі кеңістік пен уақытты қайта рәсімдеу, оларға қуаныш пен үйлесім кіргізу арқылы адамдарды қоғам өмірімен байланыстырады. Бұқаралық мәдениеттің ішкі көрінісі анықтық, тиімділік, ауқымдылық сияқты кең көлемдерімен бұқара санасының мүмкіндіктеріне еніп, идеалды, эстетикалық қағидалар мен құндылықтарды белгілейді. Қай кезеңде болмасын, мейрамдар қоғамның эстетикалық идеалдарын нығайтуға ерекше қызмет етті.

Жалпы алғанда жоғарыда аталып кеткен функцияларды біріктіретін әрбір мейрамның үш жақты қырларын атап кетуге болады: *сауықтық, өнегелілік және эстетикалық*.

Қазіргі Қазақстан мәдениетіндегі халықтық мейрамдарды дамыту үдерісі үш бағытта жүргізілуде деуге болады:

1) Күнтізбелік циклдарға негізделген дәстүрлі халық мерекелерін қайта жанғырту (Наурыз, Қымызмұрындық, Мизам, Соғымбасы);

2) Тарихи, мәдени және рухани мұраға негізделген мерекелік іс-шараларды дәстүрлі ету (Мысалы, Ораза айт, Құрбан айт, Мәуліт, Қазақ хандығының көсемдері мен батырларының мерейтойлары және т.б.);

3) Егемендік алу аясындағы тарихи оқиғалар мен құндылықтарға негізделген жаңа мерекелерді дәріптеу (Мысалы, Егемендік мерекесі, Қазақстан халқының ынтымақтастық күні, Қазақстан халқы ассамблеясының күні, Конституция күні, Астана күні және т.б.) [2, 249].

Мейрамның сауықтық, өнегелік және эстетикалық қырларын көрсету мақсатында біз қазіргі қазақ мәдениетінде жаңғырып келе жатқан Наурыз мейрамын қарастыруды жөн көрдік.

Наурыз мейрамы – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы, өйткені 22

наурызда күн мен түн теңескен, табиғат жанданып, жаңа өмір (цикл) басталған. Наурыз (ноу – жаңа, руз – күн) деген сөз бізге парсы тілінен енген. Орта Азия халықтары оны мыңдаған жылдар бойы Жаңа жыл басы ретінде тойлап келді. Кейіннен Ислам діні халықтардың бұрыннан келе жатқан әдет-ғұрпын сыйлап, Наурызды мейрам ретінде қабылдады. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Нұх, Наурыз тарихы» мақаласында наурыз мейрамының қазақ өмірінде алатын орны мен тарихын талдап, «қазақтың қазақ болғанда, өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – наурыздама. Ол күні қожаларға оқытатұғын, наурызға арналған кітап болады. Наурыз жайын ұқтыратын ол кітаптың атын «Салдама» дейді. Ол күнде тілі орамды, сөзге шешен шалдардың батасы болады. Қожа кітап оқығанда, шалдар бата қылғанда жұрт жылап, шулап «Амин!» деп отырады. Сонан соң олардың айтқаны айтқандай келіп халық, жұрт ілгері басып, малы да өсіп, басы да өсіп берекелі болады» - деп жазған [3, 153]. Осыдан ежелден келе жатқан наурызнама мейрамы барысында айтылатын бата беру дәстүрінің ислам діні практикаларымен үйлесімді сабақтасқанын байқаймыз.

Жалпы, Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде әлі де тойланады. Ол Иранда 21 наурызда, мемлекеттік мереке ретінде Әзірбайжанда, Тәжікстанда және Қазақстанда - 22 наурызда, Өзбекстан мен Түркияда 21 наурыз күні аталып өтіледі. Наурыз мерекесі 2010 жылдан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының күнтізбесіне халықаралық мереке ретінде енді.

Тарихқа үңілсек, әлемдегі әр халық Жаңа жылдың басын әр уақытта атап өткен. Ежелгі халықтар негізінен Жаңа жылды табиғат жаңаруымен, яғни жер ұйқыдан ояңнан кейін, көктем келуіне байланысты атаған. Көне яхудиердің таным-түсінігінде де Жаңа жыл «авив» айы, яғни наурыз айының соңы, сәуірдің басы болатын. Рим империясында да наурыз айы жыл басы болатын. Тек біздің заманымыздың 45 жылы Рим императоры Юлий Цезарь табиғат ерекшелігін, күн мен түннің теңелуін ескермей, жаңа жылға діни мағына берді. Сөйтіп, ол жыл басын 1 қаңтарға көшіріп, осы үлгісі кейін әлемдік әмбебап күнтізбе ретінде қолданылып кетті.

Наурыз мейрамын ежелгі гректер «патрих», тәжіктер «гүл гардон», «бәйшешек», «гүлнаурыз», хорезмдіктер «наусарджи», татарлар «нардуган», буряттар «сагаан сара», соғдылықтар «наусарыз», армяндар «наварсари», чуваштар «норис ояхе», қазақтар «наурыз мейрамы», «наурыз тойы» және «наурызнама» деп әртүрлі атаған. Парсы тілдес халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндерде әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды; жаңа өнген жеті дөңге қарап болашақты болжайды; жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже «сумалак» ұсынады; ескі киімдерін тастайды; ескірген шыны аяқты сындырады; бір-біріне гүл сыйлап, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою – «күн символын» салады; үйдегі тіреу ағашқа гүл іледі; түрлі жарыстар ұйымдастырады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында Наурыз мейрамы – Ұлыстың ұлы күні саналған. Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр (Қызыр) аралайды. Бұл жайында Ақселеу Сейдімбек: «Байырғы салт-жора бойынша қазақ арасында Ұлыс тойы түн ортасы ауа басталады. Бұл түн «Қызыр түні» деп аталады. Халықтың наным-сенімінде Қызыр қасы көзін жапқан қарт адам болса керек. Қызыр атаны Бақ жетелеп жүреді екен дейді. Ұлыс тойының таңын көзімен атыру үшін Қызыр ата түн ортасы ауа дала кезеді...Қызыр түнін ұйықтамай өткеру үшін ауыл жастары алуан түрлі ойын ұйымдастырып, Қызыр атаның назарын аударып бақытты боламыз деп, небір тосын тамаша-қызықтар көрсетеді...» - деп жазады [4, 228]. Екінші күні, яғни 22 наурызда ауылдың ер адамдары бір-бірімен көрісіп, төс қағыстырады; әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекелік дастарханға шақырады. Оған басты тағам наурыз көже қойылады. Сонымен бірге, қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен қоштасуды, құрамына ақтың (көже, қымыз, шұбат, құрт, ірімшік және т.б.) қосылуы – жаз тағамымен қауышуды білдіреді. Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан арылады. Ауыл ақсақалдары араз руларды, ағайын немесе дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған. Наурызнама күндері қыста жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылып, дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, аударыспак, күрес,

қыз қуу, алтыбақан, тең көтеру, т.б.) ойналған. Осы күндері Наурыз мейрамының сауықтық, өнегелік және эстетикалық қырлары айқын көрініс тауып отырған.

1926 жылы Кеңес өкіметінің қаулысымен Наурыз мерекесін тойлауға «діни мейрам», «ескілік сарқыншағы» деген сылтаумен тыйым салынды, өйткені «совет» халқын, «советтік» сананы қалыптастыруды мақсат тұтқан мемлекетке осындай бір ұлттың ынтымақтастығын қамтамасыз ететін мереке қажет емес еді. Бірақ Қазақстанның бар аумақтарында жасырын түрде сақталып қелген Наурыз мерекесі, 1988 жылдан Алматы қаласында, республиканың көптеген аудандарында жалпыхалықтық мейрам ретінде қайта тойлана бастады. 1991 жылы 15 наурызда ҚазақССР Президентінің қаулысымен 22 наурыз ресми мойындалып, 2001 жылы мемлекеттік мейрам дәрежесіне ие болып, ал 2009 жылдан бұл мейрамды үш күн бойы тойлайтын болды.

Қазіргі кезде Наурыз мейрамы ресми түрде жыл сайын аталып өтілгенімен, шын мәнісіндегі ұлттық, халықтық мейрамға айналмай тұр. Төл мерекеміз деген ой, оны тойлауға деген ниет бар, бірақ Наурыз мейрамы халықтың күнделікті тұрмысымен, әлеуметтік өмір ырғағымен өзінің үндестігі мен байланысын үзіп алды. Наурыз бен Жаңа жыл (1 қаңтар) мерекелерін салыстыратын болсақ, іс-шаралар саны және олардың ауқымдылығы жағынан төл мерекеміз ұтылатыны анық.

Осы мәселенің себебін анықтап, Наурыз мерекесін жандандыруды мақсат еткен академик Ғарифолла Есім «Наурыз-нама» бағдарламасын ұсынды. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушылар мен білім алушылар алдында оқыған дәрісінде (19 қаңтар) бағдарламаның негізгі 11 арнасын баяндап кетті. Олар:

- Наурыз – ғарыштық мейрам (күн мен түннің теңесуі);
- Наурыз – жыл басы (өзгеріс циклі);
- Наурыз символы – жауқазын (жаңа сапалық өзгерістің символы);
- Наурыз мейрамының басы – көрісу (жүздесу – адамшылық дәстүрдің қайнар көзі);
- Наурыз мейрамын от жағумен ашу (от өмірдің символы, тазарудың белгісі. Наурыз мейрамы Батыс өңірде 14-ші наурызда Отпан тауынан басталып, кен байтақ қазақ елінде жалғасын табады);
- Наурыз – каникулдары (дәріптеу, жаһанға әйгілі ету, жарнамалау мақсатында);
- Наурыз – дастарханы (ұлттық тағам өндіру және оны пайдалану);
- Наурыз киім үлгісі (мейрамның эстетикалық қырларын ашу және жеңіл өнеркәсіпті дамыту үшін);
- Наурыз – жасөспірімдер мен жеткіншектер мейрамы (өнегелік тәрбие және ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында);
- Наурыз мейрамы – экологиялық мейрам (экология сананы тәрбиелеу үлгілерін қайта жаңғырту);
- Наурыз – іскерлікке баулу мейрамы (жыл басымен іскерлікті арттыру қажеттілігі)

Әрбір ұлттың рухани мұрасында, яғни салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, діні мен ділі және олардағы құндылықтарды трансляция жасайтын мейрамдар бар. Оларды ұстану, өміршеңдігін қамтамасыз ету әрбір ұрпақтың, ұлт перзентінің моральдық парызы. Сондықтан қазірде ата-бабамыздан қалған ұлттық салт-дәстүрімізді күнделікті өмірімізде кеңінен қолданып отырсақ, ол мәдениетіміздің мәңгілік сарқылмас қайнар көзі қала беретіні хақ. Осы орайда, академик Ғарифолла Есім ұсынып отырған «Наурыз-нама» атты ұлттық бағдарлама төл мерекеміздің жандануына арналған оңтайлы шешім.

Қолданылған әдебиет

1. Плаггенборг Ш. Культурные ориентиры в период между Октябрьской революцией и эпохой сталинизма. СПб.: Нева, 1995. – 350 с.
2. Кукебаев А.Б. Праздничная культура Казахстана в XX веке: трансформация и модернизация / IV международные археолого-этнографические чтения: Сборник материалов / сост.: З.К. Сураганова, К.К. Сарсембина, С.Р. Курманова. – Астана: Издательство ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2013. – 403 с.

3. Мәшһүр Ж. К. Шығармалары. 1 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 436 б.
4. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этно-мәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.

УДК 7.067

ЧТЕНИЕ ВСЛУХ И АУДИОКНИГА: ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ В ОЗВУЧИВАНИИ

Чукреева Мария Александровна

mchukreeva@inbox.ru

Аспирант ФГБОУ ВПО «Башкирский государственный
педагогический университет им. М. Акмуллы», Уфа, Россия

«Слово принадлежит наполовину тому, кто говорит,
и наполовину тому, кто слушает».

Мишель Монтень

Слушая выразительную речь, человек сам привыкает лучше говорить и читать. Регулярное чтение вслух развивает речь, способствует нравственному воспитанию, стимулирует воображение, обостряет навыки аудирования. Позволяет избавиться от косноязычия, запинок, оговорок, слов-паразитов и прочих речевых недостатков. Современным средством развития культуры чтения художественных текстов может стать аудиокнига, которая представляет своеобразный продукт чтения вслух литературных произведений.

Мемуары дают материал для демонстрации того, какую роль играло чтение вслух, к примеру, в первую половину XIX века. Прежде всего, отметим, что была широко распространена практика коллективного чтения, когда в кругу семьи или дружеской компании довольно большие по объему произведения читались вслух лицом, способным прочесть текст наиболее четко и выразительно, либо по очереди. В первой половине XIX в. у офицеров «чтение вслух было самым приятным и самым полезным занятием; тещ имел право остановиться, а слушатели остановить его на той мысли или на том изречении автора, которые обращали на себя внимание; при этом завязывались споры, за и против, которые нередко затягивались за полночь и возобновлялись на следующий день, когда спорящие обдумают наедине новые подтверждения своим мнениям или опровержения противникам» [1,34]. Такая методика обсуждения книг способствует расширению кругозора, развитию культуры общения и нахождению новых, оригинальных идей. Вместе с тем, чтобы выполнить аналогичную задачу и создать качественную аудиокнигу необходимо тщательное планирование.

Читать ли произведение с дополнениями, в пересказе или донося основную мысль и нюансы, как бы давая возможность каждому человеку в зависимости от его индивидуальности самому прочесть текст, стать в некотором смысле героем произведения, чего не бывает, когда ты читаешь про себя [2, с.18]. Задача состоит в том, чтобы была возможность воспринять вербально (со слуха) историю, то есть, усвоить характеры героев, понять мизансцены и проследить за сюжетом. Именно это является главной задачей чтения вслух и в случае аудиокниги. Второстепенные задачи начинаются с приобретения новой информации о мире. Это необходимо для того, чтобы понять смысл текста.

Лучше подходят для чтения вслух те произведения (статьи, стихи, рассказы и т.д.), которые с точки зрения читателя красиво изложены и содержат богатый лексикон. Также очень важно произносить текст не тоном чтения, а так, как будто вы выражаете собственные мысли – читая вслух, нужно не «читать», а «рассказывать». Обязательным условием глубокого понимания текста является традиционное, медленное чтение с паузами, воспроизведением в воображении всех картин автора, т.е. с удовольствием.